ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2016 жылғы 7 сәуір № 119/3

Павлодар қаласы

город Павлодар

**Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы «Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» 83/3 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Павлодар облысы Әділет департаменті Нормативтік құқықтық актілерін тіркеу бөлімі
Нормативтік құқықтық акт 2016 жылғы "14" сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5071 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы «Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» № 83/3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4451 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырда «Регион.kz» газетінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережеде 20-тармақтың 23) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«23) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;».

2. «Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

011581

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р.Қ. Оразғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкімінің міндетін атқарушы** **Д. Тұрғанов**